

Қатысқандар:

1. Мектеп директорының м.а. Байтанова А.М.
2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Касимова А.К.
3. Директордың оқу тәрбие жөніндегі орынбасары: Имантай Д.И.
4. Әлеуметтік педагог: Саулебекова А.Е.
5. Тәлімгер: Оспанова Т.А.

Ата-аналар: 26

Күн тәртібінде:

1. Мектептің 2025-2026 оқу жылына арналған жоспарымен таныстыру
2. Жалпыға міндетті оқу қорынан бөлінген қаражаттың игерілуі туралы, «Мектепке жол акциясы»
3. Жаңа оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамын және төрағасын және «Қамқоршылық» кеңесінің мүшелерін сайлау
4. Әртүрлі мәселелер

Ата – аналар жиналысын мектеп директоры Байтанова А.М. алып, ата – аналарды күн тәртібімен таныстырды.

Тыңдалды: Мектептің 2025 – 2026 оқу жылына арналған жоспармен таныстыру

Сөйледі: Еліміздің түпкір – түпкірінде тамыз айының 1-нен бастап қыркүйек айының 30-на дейін «Міндетті оқу айлығы» жүргізіледі. Осыған байланысты сынып жетекшілер оқушыларының мектепке дайындығы туралы мәліметтер жинайды. Мектебімізде көп балалы отбасынан-13, толық емес отбасынан – 17, аз қамтылған отбасынан – 11 оқушылар бар. Осыған байланысты мектеп асханасынан 63 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Бұған қоса бастауыш сынып оқушылары да үкімет қаулысына сәйкес ыстық тамақ ішеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысы бойынша білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты аз қамтылған, тұлдыр жетім, көп балалы отбасыларға беріледі.

Тыңдалды: Жалпыға міндетті оқу қорынан бөлінген қаражаттың игерілуі туралы

Сөйледі: Қыркүйек айынан бастап санитарлық нормаларды сақтай отырып барлық оқушы штаттық режимде мектепте оқытылуда. Сабақ сағат 8.00-ден басталады, әр екі сабақтан соң 10 минуттық үлкен үзіліс оқушылардың ыстық тамақ ішуіне арналған. Мектептің оқу – тәрбие жоспары «Адал Азамат біртұтас тәрбие» бағдарламасына негізделген. Оқу – тәрбие жоспары бірнеше бағыт бойынша жұмыс жасайды. Түнгі сағат 22⁰⁰-ден кейін балаларыңыздың көшеге шығуына тиым салынған. Беймезгіл уақытта бос жүрген бала бір нәрсеге ұрынады, сондықтан ата-аналар балаларыңызға ие болып, тәртіпке шақырыңыздар. Санитарлық нормаларды сақтауға шақырамын. Мектепке таңертең келген оқушының температурасы өлшеніп, жаңа бетперде беріледі. Сабақ соңында оқушы пайдаланған бетпердені шыға берісте қойылған қоқыс жәшігіне тастап кету керек, бірақ кейбір оқушылар далаға тастап кетеді. Осы олқылықты да балаларыңыздың есіне салып отырыңыздар. Биылғы оқу жылында мектеп оқушылары мектеп формасында келу керек, себебі өткен оқу жылы соңында бұрынғы директор сіздермен жиналыс жасап барлық мектептерге негізделген мектеп формасы туралы айтқан болатын. Қыз балаларға қара көк юбка мен ақ блузка, ұл балаларға ақ көйлек пен қара көк түсті костюм шалбар және спортқа киетін киімдері әртүрлі болса да барлық мектеп оқушылары ақ футболка кию керек. Ата-аналар, сондықтан балаларыңызға мектеп формасын кигізіп жіберіп тұрыңыздар. Тәртіп болған жерде жақсы білім болады.

Тыңдалды: Жаңа оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамын және төрағасын және «Қамқоршылық» кеңесінің мүшелерін сайлау

Сөйледі: Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы «27» шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген. Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата – аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және / немесе заңды тұлғалармен өзара әрекет жасайды. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттілігін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады. Қамқоршылық кеңестің құрамын тиісті саланың

Жергілікті органы немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органы бекітеді және Қамқоршылық кеңеске мүше болуға үміткерлердің жазбаша келісімі мен алынған ұсыныстардың негізінде қалыптастырылады. Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді: жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері; жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері; коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса); ата – аналар комитеті ұсынған әрбір параллель сыныптан, курстан сол білім беру ұйымында білім алушылардың бір ата – анасы немесе заңды өкілі; қайырымдылық жасаушылар (бар болса). Білім беру ұйымының жанынан құрылған қамқоршылық кеңес отырысында осы білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары қатысады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ, бір – бірімен және сол білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық қатынасы жоқ кемінде тоғыз адамнан құралады. Қамқоршылық кеңес мүшелері сол білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейді. Қамқоршылық кеңес мүшелері:

1	Мусина Ақмарал
2	Боранбай Алма
3	Умбеталиева Айгерім
4	Рахимова Галина
5	Амалбаева Жазира Қаппасқызы
6	Саюк Светлана
7	Блялова Ақмарал
8	Лазуко Александра
9	Мороз Венера
10	Сандыгулова Әсем Манатовна
11	Уланова В.М.
12	Амрин А.
13	Сайбель А.С.

Ш е ш і м і :

- 1.Ата-аналар комитеті мектеппен үздіксіз байланыста болсын
- 2.Ата-аналар балаларының сабаққа қатысуын қадағалауға алсын
- 3.Ата-аналар комитеті мектеп әкімшілігімен бірлесе жұмыс жасасын
- 4.Балаға тәрбие мен білім беруде ата-аналар мен ұстаздар арасында тығыз байланыс орнатылсын
- 5.Санитарлық нормалар қатаң сақталсын
6. Жалпы мектепшілік ата – аналар комитеті және «Қамқоршылық» кеңес құрамы бекітілсін.

Жиналыс төрағасы:  Байтанова А.М.
Хатшы:  Серикова А.С.

Қатысқандар:

1. Мектеп директордың м.а. Байтанова А.М
2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Касимова А.К.
3. Директордың оқу тәрбие жөніндегі орынбасары міндетін атқарушы: Имантай Д.И.
4. Мектеп психологы: Лазимова Т.В.
5. Ата – аналар: 28

Күн тәртібінде:

1. «Білім беру процесіндегі оқушылардың білім сапасы» – Қасимова А.Е.
2. «Оқушы, ата-ана және мұғалім арасындағы өзара байланыстың әрекеттесу рәсімділігі» – Имантай Д.И.
3. «Терроризм мен діни экстремизм – заманауи өркениеттің басты қауіп-қатері» – Имантай Д.И.
4. «Жасөспірімдердің суицидтік (ауто-деструктивті) мінез-құлқының алдын алу» – Лазимова Т.В

Т ы н д а л д ы: «Білім сапасы» баяндамасы – Байтанова А.М

С ө й л е д і:

Құрметті ата-аналар, бүгінгі жиналысқа қош келдіңіздер! Бүгінгі жиналыстың негізгі мақсаты – мектептегі білім сапасына қатысты маңызды мәселелерді талқылау. «Білім – инемен құдық қазғандай» дейді халқымыз. Расымен де, білім адамның ғана емес, тұтас ұлттың болашағын айқындайтын ең құнды рухани капитал. Елбасының «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретін бүгінгі мектеп оқушылары – біздердің қолымызда. Сондықтан оларды қалай тәрбиелесек, Қазақстанның ертеңі сондай болады» деген сөзі – бізге үлкен жауапкершілік жүктейді.

Бүгінгі қоғамның талабы басқа, уақыты жылдам, ақпарат қарқынды. Осындай кезеңде оқушының білім деңгейі тек баға арқылы емес, оның алған білімін өмірде қолдана білуімен өлшенеді. Бүгінгі күні білім сапасы деп тек пәндік білімді меңгеруді ғана емес, функционалдық сауаттылықты, сыни ойлауды, тілдік және цифрлық дағдыларды меңгеруін де айтамыз.

Алайда білім сапасының төмендеуіне әкелетін бірқатар мәселелер бар:

- оқушының өзіндік оқу ынтасының әлсіреуі;
- гаджеттерге тәуелділік;
- кітап оқудың азаюы;
- ата-ана тарапынан бақылаудың әлсіреуі;
- «оқу – мектептің міндеті» деген қате түсініктің кеңеюі.

Ұстаз қанша жерден білім беруге ұмтылса да, оқушыда қызығушылық болмаса, нәтиже төмен болары сөзсіз. Сол себепті білім сапасын арттыру үштаған жүйеге тікелей байланысты: мектеп – ата-ана – оқушы. Егер осы үшеуі өзара ынтымақта, бір мақсатта жұмыс істесе ғана сапа жоғарылайды. Қазақ халқының ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин: «Маған жақсы мұғалім бәрінен қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» деген. Бірақ жүрек соғу үшін оған қан керек. Сол «қан» — ата-ананың қолдауы, баланың ынтасы. Сондықтан үйдегі тәрбие мен мектептегі оқыту өзара қабысып жатуы тиіс. Осыған орай, біз, мектеп мұғалімдері:

сабақ сапасын арттыру;

жаңартылған білім мазмұнын тиімді қолдану;

оқушы белсенділігін көтеру;

оқу процесін цифрландыру бағытында жұмыс жүргізудеміз.

Ал ата-ана ретінде сіздер:

баланың оқуын қадағалау;

үй тапсырмасын орындату емес, түсінуіне жағдай жасау;

баланы басқа балалармен емес, өзімен салыстыру;

жетістікке жеткенде мадақтау, қателессе жазғырмау – өте маңызды рөл атқарасыздар.

Қазақта «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген мақал бар. Яғни, балада тәртіп те, білімге ынта да ең алдымен отбасында қалыптасады. Егер әр үйден білімге құштар, жауапкершілігі бар оқушы шықса – еліміздің де болашағы жарық болмақ.

Қорыта келе, білім сапасын көтеру – тек мектептің міндеті емес, бұл – ортақ борыш, ұрпақ алдындағы аманат. Бала – сіздің болашағыңыз, ал оның білімі – елдің болашағы. Ұлттық кодымызды сақтап, заманауи біліммен қаруланған ұрпақ тәрбиелей білейік.

Т ы н д а л д ы: «Оқушы – ата-ана – мұғалім байланысы» баяндамасы – Имантай Д.И

С ө й л е д і:

Құрметті ата-аналар! Бүгінгі жиналысымыздың тақырыбы өте өзекті – «Оқушы, ата-ана және мұғалім арасындағы байланыс». Бұл үштік байланыс – тәрбие мен білімнің алтын дінгегі, ұлт болашағының берік іргетасы. Егер осы үш мықты тірек тең ұсталып тұрса, баланың тұлғалық дамуы да, оқу жетістігі де жоғары болмақ.

Өкінішке қарай, қазіргі таңда осы үштік байланыс кейде үзіліп жатады. Кейбір ата-аналар баланың оқуына тек мұғалім жауапты деп ойлайды, ал мұғалім кейде ата-ананың қолдауын көрмейді. Нәтижесінде оқушы өз мәселесімен жалғыз қалады. Бұл – біз жол бермеуіміз керек жағдай.

Бала — нәзік әлем, оның көңілін түсіну үшін ересектердің бірлігі қажет. Мұғалім балаға бағыт береді, ата-ана сол бағытты қолдап, үйде жалғастырады. Ал бала сол екеуінің арасындағы көпір іспетті. Егер көпірдің екі жағы тең болмаса, бала да теңдік таппайды. Біз көбіне баланың тәртібі, үлгерімі төмендегенде ғана жиналыс өткізіп, кінәні бір жақтан іздейміз. Бірақ басты сұрақ — «Бала неге өзгерді?» деген сауалға бірге жауап іздеуіміз керек. Кейде баланың үнсіздігі — шаршағанының, түсінбеушіліктің белгісі. Мұндайда ата-ана мен мұғалім бірігіп, сабырмен, мейіріммен бала жүрегіне жол табуы қажет.

Мұғалім тарапынан үнемі байланыс орнату, кері байланыс жасау — тәрбие жұмысының тиімді жолы. Біз ата-аналармен тығыз жұмыс істеп, әр оқушының ерекшелігін бірге талқылап отыруға дайынбыз. Өйткені мектеп пен отбасы — бір мақсаттағы серіктестер.

Бала тәрбиесінде өзара түсіністік пен сенім болмаса, тәрбие де, білім де әлсірейді. Сондықтан ата-аналарға айтар ұсыныстарым:

- 1□. Балаңыздың оқу үлгерімін тұрақты бақылап, қолдау көрсетіңіз.
- 2□. Мұғаліммен байланыста болыңыз, сұрақ туындаса ашық сөйлесіңіз.
- 3□. Баланы басқа балалармен емес, өзімен салыстырыңыз — бұл оның ішкі сенімін арттырады.
- 4□. Мектеппен бірлесе отырып, баланың рухани және адамгершілік дамуына көңіл бөліңіз.

Қорыта келе, құрметті ата-аналар, оқушы, ата-ана және мұғалім арасындағы байланыс үзілмесін. Үйлесімділік, ынтымақ және өзара сыйластық — мықты ұлттың, сапалы білімнің және тәрбиелі ұрпақтың кепілі.

Т ы ң д а л ы: «Буллингтің алдын алу» тақырыбындағы баяндама — Лазимова Т.В

С ө й л е д і:

Буллинг — қазіргі таңда мектеп оқушылары арасында жиі кездесетін өзекті мәселе. Ол тек физикалық күш көрсетумен шектелмейді, сонымен бірге психологиялық қысым, қорлау, мазақ ету, кибербуллинг сияқты жасырын формаларда да көрініс береді. Буллингтің салдары — баланың өзіне деген сенімінің төмендеуі, оқудан суынуы, психикалық күйзеліске түсуі, тіпті суицидтік ойларға дейін баруы мүмкін.

Оқушының мінез-құлқының өзгеруі — отбасындағы қарым-қатынаспен де, мектептегі орта жағдайымен де тікелей байланысты. Сондықтан бала тәрбиесінде ата-ана, мұғалім және мектеп әкімшілігі бірлесе әрекет етуі тиіс.

Буллингтің негізгі себептері:

- отбасындағы жылы қарым-қатынастың жеткіліксіздігі;
- балаға дұрыс көңіл бөлінбеуі;

- әлеуметтік желі арқылы жалған идеалдар қалыптастыру;
- құрдастар арасындағы бедел үшін бәсеке;
- эмоциясын басқара алмау, агрессия.

Буллингке ұшыраған бала көбінесе үнсіз қалады, себебі қорқады, сенбейді, өзін кінәлі сезінеді. Сондықтан ата-ана баланың ішкі әлеміне үңіліп, әр күнгі эмоционалдық күйін бақылап, ашық әңгімелесіп отыруы керек.

Мұғалімдердің де рөлі маңызды. Сабақ кезінде немесе үзілісте оқушылар арасындағы қарым-қатынасты бақылау, кішігірім қақтығыстарды дер кезінде шешу, сынып ішінде психологиялық қолайлы орта қалыптастыру – буллингтің алдын алудың негізгі жолы.

Буллингтің алдын алу жолдары:

1. Әр балаға құрмет көрсету тәрбиесін қалыптастыру;
2. Эмпатия, мейірімділік, кешірімділік дағдыларын дамыту;
3. Сынып сағаттарында «Достық», «Қарым-қатынас мәдениеті», «Бірлік пен сыйластық» тақырыптарын талқылау;
4. Ата-анамен тығыз байланыс орнату, ақпараттандыру;
5. Кибербуллинг туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
6. Мектеп психологымен бірлесіп тренинг, ойын, диагностика өткізу.

Ұлттық тәрбиеде «кісіні ренжітпеу», «үлкенге құрмет, кішіге ізет», «жақсының жақсылығын айт, жаманның жамандығын жап» деген ұстанымдар бар. Бұл қағидалар тек сөз күйінде емес, отбасының күнделікті өмірінде де үлгі болуы қажет.

Буллинг – шешілмейтін мәселе емес. Ол тек үнсіз қалғанда қауіпті. Уақытында байқап, алдын алып, бірлесіп әрекет еткенде ғана бала өз орнын табады, өзіне сенімді, рухы мықты тұлға болып қалыптасады.

Ш е ш і м і:

1. **Білім сапасын арттыру мақсатында** ата-аналарға балалардың үлгерімін жүйелі бақылау, күнделікті кері байланыс орнату ұсынылсын.
2. Мектеп, ата-ана және оқушы арасындағы байланыс нығайтылсын. Ата-аналар жиналысына қатысу белсенділігін арттыру, сынып жетекшілерімен тұрақты байланыс орнату ұсынылсын.
3. Терроризм және діни экстремизм тақырыбында оқушыларға, ата-аналарға ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.
4. Суицид пен девиантты мінез-құлықтың алдын алу бағытында мектеп психологымен бірлескен жұмыс күшейтілсін, ата-аналарға баламен жылы қарым-қатынас орнату ұсынылсын.

5.Әр ата-анаға баланың тәрбиесі мен қауіпсіздігіне ортақ жауапкершілік бар екендігі ескертілсін.

6.Сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне ата-аналармен кері байланыс орнату формаларын (чат, жиналыс, жеке кездесу) жүйелі жүргізу тапсырылсын.


Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Байтанова А.М

Серикова А.С



**«Шәкәрім атындағы ЖББМ» КММ
«Әр бала-бақытты болуға лайықты» 5-11 сынып ата-аналарымен
өткізілген мектепшілік жиналысының
ХАТТАМАСЫ**

13.01.2025 жыл

Қатысқаны: 27

Қатыспағаны:

Күн тәртібінде:

1. I жарты жылдық орта білім стандарты талаптарының орындалуы
ДТЖО Д.И. Имантай
2. Ата-ана комитет мүшелерінің жарты жылдық есебі
М.Ж.Бегенова
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресіміз
Е.В.Клейнгоф
4. ЖБМББҚ туралы, Психологиялық кеңес
Т.В.Лазимова

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша, Бұл мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.И. Имантай сөз сөйлеп, I жарты жылдықта білім беру процесінің Қазақстан Республикасының орта білім беру стандарты талаптарына сәйкес ұйымдастырылғанын атап өтті.

Оқу-тәрбие жұмыстары бекітілген жоспарға сай жүргізіліп, оқу бағдарламалары толық қамтылғаны, білім алушылардың оқу жетістіктеріне тұрақты мониторинг жасалғаны айтылды.

Сонымен қатар үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізілгені, тәртіп пен сабаққа қатысу мәселелері бақылауда болғаны, ата-аналармен байланыс тұрақты ұйымдастырылғаны хабарланды.

2. Ата-ана комитеті мүшелерінің I жарты жылдықтағы атқарған жұмысы туралы есеп

Баяндамашы: Аамалбаева Ж.

Ата-ана комитетінің төрайымы Аамалбаева Ж. I жарты жылдықта атқарылған жұмыстар туралы есеп берді.

Комитет тарапынан мектеп пен сыныптың қоғамдық өміріне белсенді қатысу, тәрбие іс-шараларына қолдау көрсету, оқушылардың қауіпсіздігі мен әлеуметтік жағдайына назар аудару бағытында жұмыстар жүргізілгені айтылды.

Ата-аналармен өзара ынтымақтастықты нығайту, мектеп әкімшілігімен тығыз байланыс орнату комитет жұмысының негізгі бағыты болғаны атап өтілді.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – ортақ міндет

Баяндамашы: Е.В. Клейнгоф

Бұл мәселе бойынша Е.В. Клейнгоф сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – қоғамның, отбасының және мектептің ортақ міндеті екенін атап өтті. Ата-аналарға білім беру саласында адалдық, әділдік және ашықтық қағидаларын сақтау маңыздылығы түсіндірілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда ата-ананың үлгісі, балаға берілетін тәрбие шешуші рөл атқаратыны айтылды. Сонымен қатар заң талаптарын сақтау және кез келген құқық бұзушылыққа жол бермеу қажеттілігі ескертілді.

4. ЖБМББҚ туралы ақпарат және психологиялық кеңес

Баяндамашы: Т.В. Лазимова

Педагог-психолог Т.В. Лазимова ЖБМББҚ (жасөспірімдердің мінез-құлқындағы бұзушылықтардың алдын алу) бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстырды.

Оқушылардың психологиялық ахуалы, мінез-құлқындағы өзгерістерді ерте анықтау, алдын алу шаралары туралы мәлімет берілді. Ата-аналарға баламен сенімді қарым-қатынас орнату, оның эмоциялық жағдайына назар аудару, қиындық туған жағдайда мектеп психологымен бірлесіп жұмыс жасау қажеттілігі жөнінде психологиялық кеңестер ұсынылды.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Жиналыс барысында көтерілген мәселелер ата-аналар тарапынан қолдау тапты. Ата-аналар мектеппен бірлесіп жұмыс істеудің маңыздылығын атап өтіп, балалардың білім алуы мен тәрбиесіне жауапкершілікпен қарау қажеттігін түсінгендерін білдірді.

Шешімі:

Ата-аналар жиналысында қаралған мәселелерді талқылай келе, төмендегідей шешімдер қабылданды:

1. I жарты жылдықта орта білім беру стандарты талаптарының орындалуы бойынша

- Оқу-тәрбие процесін мемлекеттік стандарт талаптарына сай жалғастыру;
- Үлгерімі төмен және тәуекел тобындағы оқушылармен жеке жұмыстарды күшейту;
- Ата-аналар мен мектеп арасындағы байланысты жүйелі түрде ұйымдастыру.

2. Ата-ана комитетінің I жарты жылдықтағы жұмысы бойынша

- Ата-ана комитетінің атқарған жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын;
- Комитет мүшелеріне мектептің тәрбие іс-шараларына белсенді қатысуды жалғастыру;
- Оқушылардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне қатысты мәселелерге тұрақты назар аудару.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесі бойынша

- Ата-аналар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытындағы түсіндіру жұмыстарын жалғастыру;
- Балаларға адалдық, әділдік және жауапкершілік құндылықтарын отбасында үлгі арқылы көрсету;
- Құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша мектеппен бірлескен жұмысты күшейту.

4. ЖБМББҚ және психологиялық кеңес мәселесі бойынша

- Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы бұзушылықтардың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстарды жүйелі жүргізу;
- Ата-аналарға баланың психологиялық жағдайына тұрақты көңіл бөлу ұсынылсын;
- Қажет болған жағдайда педагог-психологпен тығыз байланыста жұмыс жасау.

Директордың м.а.
Хатшы



Касимова А.К.
Серикова А.С.